


Мұражай тарихи орындар экспозициясын жасады



Облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайы Арқалық аумағының тарихи – мәдени және табиғи ескерткіштері экспозициясын іске қосты. Мұндағы мақсат – өңіріміздегі тарихи маңызды орындарды насихаттау.

Мұражайда Арқалық аймағының тарихи – мәдени және табиғи ескерткіштері экспозициясы салтанатты түрде ашылды. Шарада Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ТӨКЕНҚЫЗЫ, «Қ. Р. Мәдениет қайраткері» Жұмағали ӨМІРБЕК, өлкетанушы Шәғітбай БАЙДІЛДИН сөз алып, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асып отырған істің маңыздылығына тоқталды. Компози-

цияның керме жібін Кәкі АҚАН мен Жұмағали ӨМІРБЕК ақсақал қиды.

Елбасының «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» бағдарламасы өшкенімізді жаңартып, барымызды насихаттауға жаңа серпін бергені көпшілікке мәлім. Сол мақаладағы 6 бағыттың бірі : Қазақстанның киелі орындарының картасын жасау еді. Арқалық аймағының тарихи – мәдени және табиғи ескерткіштері экспозициясы осы бағыттың бір тармағы деуге болады. Экспозицияға өңірімізден 15 нысан енгізілген. Олардың ішінде: Шоң бидің, Кейкі батырдың, Жәуке батырдың, Әбдіғар ханның, Құлымбет әулиенің кесенесі, Қыз тамы, Махат сахна тамы, Қожай, Матросов археологиялық ескерткіштері, Бақсы мола, Екі дің, Қостам – сәулет өнерінің ескерткіші, Қараоба,



Қайыңды, Маятас сынды орындар бар. Ол жерден тарихи нысандардың фотосуретін көріп, мемлекеттік және ресми тілде мәліметтер алуға болады.

Мұнан бөлек, тарихшы Берік ӘБДІРАЛИУЛЫНЫҢ бастауымен «Сокральды Қазақстан» атты ғылыми – зерттеу институты құрылған болатын. Осының ізімен әр облыстан арнайы комиссиялар жұмыс жасап, өңірлердің тарихи маңызды нысандары іріктелді. Мұндай жұмыс бізде де қолға алынып, нәтиже-

сінде Қостанай облысынан да ұлттық деңгейдегі сокральды орындар қатарына бірқатар тарихи нысандар енгізілді. Мұражайдың ғылыми қызметкері Батырлан САҒЫНТАЕВ мәлім еткендей, Торғай геоглифтері, Қамысты қорғаны, Екі дің, Барақ батырдың, Төлек Жәуке батырдың, Ыбырай Алтынсаринның, Міржақып Дулатовтың, Әбдіғар ханның және Кейкі батырдың кесенесі енгізілген. Сондай ақ, халық батыры Аманкелді Имановтың жатқан жері де осы

киелі орындар қатарында.

Мұражайда ашылған Арқалық аймағының тарихи – мәдени және табиғи ескерткіштері экспозициясын кім – кіминің де көруге мүмкіндігі бар. Бұл бір жағынан тарихи – мәдени орындарымызды насихаттап тұрса, екінші жағынан өңіріміздің тарихымен танысуға келген меймандардың барар жеріне бағыт сілтемек.

Дархан
ЕРМАҒАНБЕТОВ

